

ТАҚЫРЫП №4. КОМПАНИЯЛАР ТАРАПЫНАН ҰСЫНЫЛАТЫН БҰЛТТЫ ҚЫЗМЕТТЕР

ЖОСПАР:

4.1 Бұлттық есептеулердің ірі өндірушілері

4.2 Қазақстан Республикасында бұлттық технологияларды енгізу

4.3 Мобильді оператордың бұлттық технологиясы

4.4 Антивирустық қорғаныстағы бұлттық технологиялар

Мақсаты: Білім алушыларға бұлттық қызмет мысалдарымен таныстыру

Кілттік сөздер: EPAM Systems, бұлттық платформа О7, HP Helion, Helios IT, Microsoft Office 365, Global e-Government Forum 2014, Кселл бұлт, антивирустық қорғаныстағы бұлттық технологиялар.

Әдебиеттер:

1. <http://www.epam.kz/aboutus/news-and-events/press-releases/2010/aboutus-pr-09212010.html#sthash.ov7XrlI5.dpuf>

2. <http://www.tadviser.ru/index.php/>

Өнімдер: Ұлттық бұлттық платформа_o7.com_o7.com

3. <http://www8.hp.com/ru/ru/cloud/helion-portfolio.html>

4. <http://www.microsoft.com/ru-ru/softmicrosoft/office365.aspx>

5. www.iak.kz/ru/publications/alma_cloud/

6. <http://www.egovforum2014.kz/article/>

7. <https://www.kcell.kz/ru/service/kcell-cloud>

8. http://v8.1c.ru/overview/Term_000000803.htm?printversion=1

9. Безмалый В. «Облачные» технологии в антивирусной защите.
<http://www.osp.ru/win2000/2013/06/13036028/>

4.1 Бұлттық есептеулердің ірі өндірушілері




EPAM Systems компаниясы – америкалық IT-компания, тапсырыс бойынша ПҚ ірі өндірушісі және Орталық және Шығыс Еуропа бойынша консалтинг саласындағы жетекші маман, ақпараттарды талдау мен деректерді басқару үшін, программалық шешімдер мен «бұлттық қызмет» ұсынуды өңдеуші саласының жетекшісі [1].



Ұлттық бұлттық платформа О7 – әртүрлі деңгейдегі атқарушы билік органдарына, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, коммерциялық ұйымдарға және жеке тұлғаларға арналған бұлттық есептердің модельдерінің қызметтерін ұсынуға арналған интегралданған ақпараттық жүйе кешені.

Ұлттық бұлттық платформа О7 негізінде мемлекеттік басқару органдарына және жеке кәсіпорындар үшін денсаулық, білім, қауіпсіздік, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, мүліктік-жер қатынастары саласында қолданбалы қызметтер жұмыс істейді.

Кіші және орта бизнес кәсіпорындары үшін кеңсе жұмысын ұйымдастыруға, клиенттермен қарым-қатынасты басқаруға, сауда және өндірістік операцияларды есептеуге арналған қызметтер жасалынған [2].



HP Helion-мен гибриді бұлт арқылы жұмыс істеуге болады, яғни жаңа қызметтерді жасау мен өндіру, қосымшаның кілттік функциясын интегралдау, гипервизор негізінде ортаны толық бақылау іске асырылады [3].

Бұлтты ПҚ және HP Helion қызметі бизнес-ортада интеграцияланатын ашық экожүйе жасауға мүмкіндік береді.



Helios IT - Office 365 кешенді пакет қызметін, консалтинг және қолдау көрсететін, бұлттық қызметті енгізу бойынша дәлелденген Microsoft серіктесі



Office 365 - онлайн тәртіпте, кез-келген уақытта және қай жерде болмасын, географиялық орналасуына тәуелсіз кестелермен, құжаттармен және басқа да материалдармен нақты тәртіпте бірігіп жұмыс жасау мүмкіндігі [4].

Office 365 қызметтері:	
Microsoft Exchange Online	күнтізбе, электрондық пошта және спам мен вирустан қорғанған байланыстар
Microsoft Lync Online	біріккен аудио және видеоконференцияларды ұйымдастыру мүмкіндігі
Microsoft Share Point Online	мекемелерге сайт жасау, серіктестер және тапсырыс берушілермен бірігіп жұмыс жасау
Office Professional Plus	Microsoft қосымшасының кеңселік пакеті, оған рұқсат жазылу арқылы беріледі (әрбір клиентке 5 құрылғыға Office орнатуға рұқсат беріледі)



Казахтелеком компаниясы MyCloud.kz бұлттық қызмет порталын іске қосуда. Барлық бұлттық қызметтер Қазақтелекомның 14 мәлімет-орталығында іске асады.

4.2 Қазақстан Республикасында бұлттық технологияларды енгізу



Қазақстан ауқымды түрде нақты экономика секторында бұлттық технологияларды енгізуді жоспарлап отыр (Globale Government Forum 2014 пленарлық отырысы)

«Ақпараттық Қазақстан - 2020» бағдарламасының бір міндеті болып барлық тіршілік әрекеті өрісін жоғары деңгейлі электронды қызметпен қамту болып табылады. Қазақстан ауқымды және кешенді түрде бұлттық есептеу технологияларын енгізуді жоспарлағаны көрсетілген.

Инвестиция тиімділігін көтеру мақсатында, республикада, мемлекеттік органдарда бұлттық платформаға ауысуымен, ақпараттандыру қызметін енгізу жобалары жасалған.



ALMACLOUD бұлтты сервистері 1С, Microsoft, Bitrix24 сияқты алдыңғы қатарлы компаниялардың сұранысқа ие және қымбат программалық шешімдерін SaaS (программалық қамсыздандыру қызмет ретінде) моделі бойынша ұсыну арқылы кез-келген кәсіпорынға қолжетімді етеді [5].

Мобильді платформа бөлімінде 50-ден астам ең қажетті мемлекеттік қызметтер және қызмет көрсетулер бар, USSD, SMS, WAP, Push хабарлама, мобильді қосымшалар және GPS навигация технологиялары іске асырылады,

Қазақстанда қазіргі уақытта 570 мемлекеттік қызмет көрсету мен онлайн-қызметтер ұсынылады [6].

4.3 Мобильді оператор бұлттық технологиясы



Кселл Бұлт - деректерді сақтау және жұмыс жасау, сондай-ақ клиенттерге техникалық қолдау көрсету инфрақұрылымын өзінде біріктірген, бұлттық технология.

«Кселл Бұлт» қызметінің артықшылықтары:

- қажетті ресурстарды таңдау икемділігі;
- виртуалды серверлерді тез жасау;
- сервер жабдықтары, ПҚ және техникалық қызметкерлер шығындарының тиімділігі;
- орналасу жеріне тәуелсіз қолжетімділігі, Интернет бар жерде 24/7 қызметі;
- деректер қауіпсіздігі және (VM Ware виртуализация технологиясы негізінде);
- клиенттерді техникалық қолдау [7].

1С в облаке

1С бұлттық технологиясы. Өртүрлі ОЖ-мен түрлі тұтынушы құрылғыларында қолданбалы шешімдермен ыңғайлы, кеңінен жұмыс жасауды қамтамасыз етеді [8].

1С:Предприятие - бұлттық инфрақұрылымы өзіне келесі механизмдер мен технологияларды кірістіреді:

- HTTP (HTTPS) хаттамасы арқылы деректерге қосылу мүмкіншілігі, яғни, клиенттер жер шарының кез-келген жерінен Интернет арқылы қосыла алады;
- web-клиент бар болуы, қолданушының Интернетке қатынауы, сондықтан клиент кез-келген компьютерлерден немесе мобильді құрылғылардан дайындықсыз жұмыс істей алады;
- сервердің ауқымды кластерімен жұмыс жасайтын болғандықтан, бір мезетте жұмыс істеп отырған көпсанды клиенттерге қызмет көрсете алады;

- SaaS қызметі инфрақұрылымының бар болуы, яғни жеткізуші қолданбалы тапсырманы өңдейді және басқарады, тұтынушыға Интернет арқылы енуге рұқсат береді, тұтынушы тек қолданған қызметі үшін ақы төлейді [8].

4.4 Антивирустық қорғаныстағы бұлттық технологиялар

Көптеген антивирус программаларының құрмына бұлтты жасаушылар кіреді. KasperskyLab, TrendMicro, McAfee, Symantec, Avast өз бұлттары бар және т.б.

Kaspersky Security Network антивирустық «бұлты»



Kaspersky Security Network (KSN) – қауіпке максималды тез әсер ететін қауіпсіздік жүйесі (2008 ж.) және «Касперский зертханасы» өнімдерінің компьютер құрылғылары қауіпсіздігінің негізгі технологиясы.

Жаңа қауіптермен күреске негізгі үлесті қолданушылардың өздері енгізеді. «Касперский зертханасы» ПҚ орнатуда тұтынушыға программа туралы деректерді «бұлтқа» өткізуге келісім сұрайды. Бұл деректер толығымен анонимді болады, алайда жаңа қауіпті ПҚ анықтайды және бірнеше минутта «Касперский зертханасының» барлық қолданушыларын хабардар етеді [9].

Бақылау сұрақтары

1. Бұлттық есептеулер бойынша қандай өндірушілерді білесіз?
2. Қазақстан Республикасына бұлттық технологияны ендіру туралы айтып беріңіз.
3. Антивирустық қорғаныста қандай бұлттық технологиялар бар?